

ӘОЖ 502.63:633(574.54)

Алимбаев Е.Н., Қалыбекова Е.М., Сағәев Ә.Ә.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНІҢ СУЫН ЕГІСКЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада Сырдария өзенінің су мөлшерін егістікке тиімді пайдалану мәселелері қарастырылған. Дақылдардың суармалау мөлшері мен егістен алынған өнімдердің өнімділігі келтірілген. Өзен суының дақылдарға, жердің сілтілік құрамы күшейіп тиісті шараларды қолдану.

Кілт сөздер: егін, суару, мелиорация, күріш, жоңышқа, өнім, дақыл, жер, тыңайтқыш.

Кіріспе

Аймақта 1966-1990 жылдары кең ауқымды ауылшаруашылығы және су шаруашылығы жұмыстарын жүргізуде көптеген ірі кемшіліктер орын алған. Олар: игерілген жерлерде ғылыми негізделген коллектор-кәріз жүйелері тұрғызылмаған, дақылдардың суару мөлшерін есептегенде өзен суының тұздылығы ескерілмеген, агротехникалық шаралар толық сақталмаған, ауыспалы танаптар тиісті дәрежеде қолданбаған және т.б. Осылардың салдарынан суару жүйелерінде су тапшылығы өсті, алқаптардың экологиялық-мелиоративтік және аймақтың санитарлық – эпидемиологиялық жағдайлары нашарлады.

Өзенді ластайтын негізгі көздерді зерттеу және ауыл шаруашылығына ғылыми негізделген Сырдария өзенінің төменгі ағысында су сапасын сақтау, оны егіс алқаптарын суаруда тиімді пайдалану мәселелері маңызды. Мұндай жағдайда су көздерін ластанудан қорғау, суды үнемдеу, топырақтың құнарлығын арттыру және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімін көтеру мәселелері көзделеді.

Сыр өңірінде ауылшаруашылық дақылдарының өнімі, оны қолдан суару негізінде алынады. Сондықтан осы аймақ үлесінде суды егіске пайдалану маңызды мәселелердің бірі. Осыған байланысты суды егісте тиімді, ұтымды пайдалану бірінші қатарда тұрады. Сонымен қатар Сырдария өзені суының сапасына аса көңіл бөлген жөн. Себебі, соңғы кезде Сырдария өзенінің суының сапасы нашарлауда. Осының барлығы тақырып өзектілігінің негізгі дәлелі.


Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу нысаны ретінде Қызылорда облысында орналасқан егіс алқаптары алынды. Егіс алқаптарындағы соңғы 25 жылдың ішіндегі күріш, жоңышқа дақылдарының өнімінің көлемі және егістікке пайдаланған инженерлік жүйеге келтірілген жер аудандары алынды. Аудандар бойынша егіс өнімінің көлеміне талдау жүргізіледі.

Зерттеу нәтижелері мен талдаулар


Қызылорда облысының егін шаруашылығы суармалы жерлерге негізделген. Өткен ғасырдың 60 жылдары бүкіл елімізде мелиорация саласына аса жоғары мән берілген болатын. Соған байланысты 1960 – 1980 жылдары Сыр өңірінде мелиоративтік жұмыстар жоғары қарқын алды. Оған дәлел облыс көлемінде 1989 жылы 216 мың гектар жерде суармалы егістік инженерлік жүйеге келтірілген (1-сурет). Сол жылдары облыс бойынша жалпы дақылдардың егіс көлемі 287 мың гектарға жетті. 2001 – 2002 жылдары инженерлік жүйеге келтірілген суармалы жер көлемі 172 мың гектарды құрады. Демек, 1989 – 2002 жылдар аралығында 44 мың гектар инженерлік жүйеге келтірілген суармалы егістік пайдаланудан шығып қалды. Оның негізгі себептері: топырақтың сортаңдануы, жер асты

суларының жоғары деңгейде тұруы, суармалы желінің құрамдас бөліктерінің талапқа сай жұмыс істемеуі т.б.




1 – сурет. Инженерлік жүйеге келтірілген суармалы жер көлемінің өзгеруі

Өңірдегі басты дақыл күріштің өнімділігі 1983 – 1996 жылдар аралығында жоғары деңгейде болды. Әрбір гектар егістіктен 48 – 51 центнер күріш алынған. 1997 жылдан кейін күріш өнімділігі төмендеді. Бұған себеп агротехникалық шаралардың талапқа сай орындалмауы, күріш атыздар беті тегістігінің нашарлауы, минералды тыңайтқыштардың толыққанды қолданылмауы және екінші дақыл – жоңышқа өнімінің төмен болуында (2–сурет). Жоңышқаның өнімділігі 1980 – 1990 жылдар 1 гектарға шаққанда 50 – 59 центнер болған. Одан кейін бұл дақылдың өнімділігі 20 – 22 центнерге дейін төмендеді. Бұл өз кезегінде негізгі дақыл күріш өнімінің азаюына себеп болды.




а) Күріш дақылының өнімділігі




б) Жоңышқа дақылының өнімділігі
2 – сурет. Дақылдар өнімінің өзгеруі

Күріштің маусымдық суару мөлшері 1980 – 1990 жылдар аралығында 26 – 28 мың текшеметрге жеткен болатын. Соңғы жылдары бұл мөлшер бірсыпыра азайып 22 – 24 мың текшеметр болды. Қазақтың күріш жөніндегі ғылыми зерттеу институтында атқарылған зерттеулерге қарағанда күріштің жаз бойы суды тұтыну мөлшері 8,5 – 9 мың текшеметрді құрады. Күріш егісінің алғашқы суға бастыру кезеңінде берілетін су мөлшері жоғарыда айтылған ғылыми мекеменің мәліметі бойынша 3,5 – 4 мың текшеметрді құрайды. Күріш атызында жаз бойы топыраққа төмен қарай сүзілген су мөлшері 4,5 – 5 мың текшеметр . Осы аталған үш құрамдас бөлікті қосқанда 16,5 – 18 мың текшеметр болады. Осы анықталған мөлшер күріш дақылына шын мағынасында қажет ылғал көлемін көрсетеді. Демек, алдағы уақытта ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізіп осы дақылды өсіп - өндіруге кететін су мөлшерін әлі де 4 – 5 мың текшеметрге азайтуға болатыны көрініп тұр. Осылай жасағанда Сырдария өзенінен егіске алынатын су көлемі 10 - 15% пайызға кемиді. Бұл біріншіден, кіші Аралға құятын су мөлшерін көбейтеді. Екіншіден, Сыр өңірі егіс алқаптарында мелиоративтік жүктемені азайтады. Соның негізінде егістіктің экологиялық – мелиоративтік жағдайын жақсартуға жол ашылады.



Күріш дақылының суару мөлшері



Жоңышқа дақылының суару мөлшері
3 – сурет. Дақылдардың суару мөлшерінің сызбасы

Қорытынды

Жоғарыда аталған мәліметтерді ескере отырып, егіс алқабында Сырдария өзен суын пайдаланудың тиімдігін арттыратын шаралар ұйымдастырып және егістен алынатын өнімдердің сапасын анықтайтын зертханалық зерттеулер жүргізу қажет.

Әдебиеттер

1. Кошкарров С.И. Мелиорация ландшафтов в низовьях реки Сырдарьи – Алматы: «Ғылым», 1997. – 22 б.
2. “Қызылорда сушаруашылығы” коммуналды – мемлекеттік кәсіпорынның жылдық есептері (1990 - 2015).

Алимбаев Е.Н., Калыбекова Е.М., Сагаев А.А.

ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВОДЫ РЕКИ СЫРДАРЬЯ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ ОБЛАСТИ

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы эффективного использования воды реки Сырдарьи. А так же, орошение и урожайность сельскохозяйственных культур.

Ключевые слова: урожай, орошение, мелиорация, рис, люцерна, культура, земля, удобрение.

Alimbaev Y.N., Kalibekova E.M., Sagayev A.A.

IMPROVE THE EFFICIENT USE WATERS OF THE RIVER SYRDARYA IN KYZYLORDA REGION

Annotation

The article discusses the efficient use of water of the Syrdarya River. And also, irrigation and crop yields.

Keywords: crop, irrigation, reclamation, rice, alfalfa, land, fertilizer.